



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz» ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Нәтиже



Жолаушы тасымалы жүйеленген

«Жол бойы зәреміз ұшып, өліп қала жаздадық», «Бұларға тек ақша керек, адам тағдыры ойларына кіріп те шықпайды». Ауданнан қалаға таксимен келген жұрттан көбіне осындай сөз естисіз. Қауіпсіздігін ойлаған жолаушының жүйкесін келікті жарыс алаңында жүргендей жүргізетін, жылдамдықты шамадан тыс үдететін жүргізушілер әбден жұқартады. Тегіс жолда қаптаған жүк көліктерінің алдына шығамын деп, арақашықтықты дұрыс есептей алмай тыпыршығанда жолаушының жаны да мұрнының ұшына келеді. «Енді мінбеспін» деп түскен жолаушылар амал жоқ, таксиге қайта отырады. Автобус, спиринтер секілді көліктерге отырайын десе, уақыты сәйкес келмейді немесе сервис ұнамайды. Бірне бірдей топырақ шашудан аулақпыз, бірақ жолаушы тасымалы туралы қоғамда қалыптасқан пікір осындай. Десе де қазіргі таңда аталған қызмет түрін жақсартуда аймақта бірқатар ауқымды жұмыс атқарылған.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы мамандарының айтуынша, бүгінде облыс аумағында 212 елді мекенді аудан және облыс орталығымен байланыстыратын 202 қалааралық автобус ұйымдастырылған. Сонымен қатар Ташкент қаласына халықаралық бір бағыт, Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Ақтөбе және тағы басқа қалаларға облысаралық 13 автобус жүреді. Маршруттарда барлығы 30-дан астам заңды және жеке тұлға әртүрлі сыйымдылықтағы 1069 автобуспен жолаушыларға қызмет көрсетуде.

Сондай-ақ автовокзал, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне енгізілген Қызылорда қаласы мен аудан орталықтарындағы 1 автовокзал және 8 автостанса ауданаралық маршруттар арқылы халыққа қызмет көрсетуде. Қызылорда қаласының қоғамдық көлік мәселесін шешу бағытында табиғи газ отынымен қозғалатын 300 автобус алынған. Бүгінгі таңда «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС қалалық 32 маршрутты қамтып отыр.

Экотакси қызметін құру жобасы бойынша жоспарланған 100 электромобиль толығымен келген Оның 52-сі Қызылорда қаласының тұрғындары мен қонақтарына қызмет көрсетуде, қалғаны кейін жеткізіліп, бүгінде электромобильдерді мемлекеттік тіркеу жұмыстары жүргізілуде.

«ЖЖ» ақпарат

Алтын дән – 2024



ҮЗДІК АУДАН ШАРУАЛАРЫ АЙМАҚТЫҢ БАС ШАҒАРЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНЕН ЖӘРМӨҢКЕ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ. МҮНДА ТЕК ЖАЛАҒАШТА КҮТІП-БАПТАЛҒАН ЖӘНЕ ӨНДІРІЛГЕН ӨНІМДЕР ҚАЛА ХАЛҚЫНА 15-20 ПАЙЫЗ ТӨМЕН БАҒАДА САТЫЛДЫ. МОЛШЫЛЫҚ ШАРАСЫНА ОРАЙ ЖӘРМӨҢКЕДЕ КӨҢІЛДІ ӘУЕН ДЕ ОЙНАП ТҰРДЫ. БАСТЫСЫ, ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАР БІР-БІРІМЕН МӘРЕ-СӘРЕ БОЛЫП, МАЛ-ЖАННЫҢ АМАНДЫҒЫН СҰРАСТЫ.

Жалағаштан жеткен жәрмеңке



Әдеттегідей таң атысымен мұнда жиылған халықтың қарасы қалың. Бөрінің мақсаты – қыстың қамын ойлап, арзан бағада ұсынылған өнімдерді артығымен сатып алу. Бұл жолы шаһар халқына 60 жүк көлігімен ауыл шаруашылығы өнімдері жеткізілген.

Қала тұрғыны Ардақ Қаржаубаев мұнда ұйымдастырылатын жәрмеңкеде жыл сайын қыстық азығын қамдап алады екен. Ол мұнда ең бірінші өнімнің қай түрі өтіп кететінін де жақсы білетін көрінеді. Жалағаштың күріші, Мақпалкөлдiң алмасы, Жаңадарияның

қауын-қарбызы, Қаракеттеннің балығы қызылордалықтар асыға күтетін өнімдер десек, артық айтқандық емес. Жүк көліктеріне тиелген бақша өнімдеріне қарама-қарсы орналасқан сәреде үлкен жайынды таразыға тарттырып жатқанына да куә болдық. Кейін сұрағанымызда бұл қала тұрғынының биылғы жәрмеңкедегі алғашқы саудасы болып шықты.

Жалағаштықтар ұйымдастыратын жәрмеңкеден жыл сайын қажетті заттымызды арзан бағада сатып аламыз. Тіпті өзімді бұл ауданның сала өкілдері өндіретін өнімдердің тұрақты тұтынушысымын десем де болады. Тек биыл жылдағыдан сәл кеш келді. Әсіресе Жалағаштың балығы тез өтіп кетеді. Бірінші саудамды осы балық аудан бастап жатқаным да сондықтан. Әдеттегідей барлық өнімнің нарық бағасынан арзан екенін анық байқауға болады. Қазір картоп, пияз, асқабақ секілді бірқатар бақша дақылды мен өнімдерін молынан аламын. Мұнда тіпті қорада мал ұстайтын жандар үшін де мал азығы жеткізіліпті. Оның да бағасы нарықтан әлдеқайда төмен. Жалағаштықтар әр жылды оң нәтижемен қорытындылап, бізге осындай сапалы өнімдерін ұсына берініп деп тілейміз. Ұйымдастырушыларға алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – дейді қала тұрғыны Сахи Нұрмаханов.

Мұнда бос жүрген бір адам көзге түспейді. Барлығының қимылы шалт. Сатушы бір тұтынушының қоржынын сапалы өніммен толтырса, зекетке 4-5-еуі тағы тұр. Осыдан-ақ ауданнан жеткізілген әрбір өнімнің бағасы қалтаға қонымды, сапасы да жоғары екенін анық байқауға болады. «Елде

болса, ерінге тиеді» деген осы шығар, сіре. Сатушыда реніш жоқ, тұтынушы да дән риза.

Облыс орталығында жәрмеңке өтеді деген соң, сонау Жаңадария ауылынан өз өнімімізді әкеліп тұрмыз. Негізінен бақша өнімдері, картоп, қауын-қарбызды қызылордалықтарға ұсынудамыз. Әздеріңіз білесіздер, Жаңадария ауылы бақша дақылдарын еуге өте қолайлы, топырағы құнарлы, бүгінде аяқсу жолдары бір жүйеге түскен. Әсіресе қауын-қарбыз табиғи ауа райымен, яғни ешқандай қоспасыз, жаз бойы күннің ыстығымен ерекше пісіп-жетіледі. Сондықтан сапалы өнімге сұраныс та жоғары болары аман, – дейді ауыл әкімінің бас маманы Дастан Алтыбаев.

Биылғы жәрмеңкеде қала халқына таң ауылындағы өткізудің арқасында бірнеше өнім арзан бағада ұсынылды. «Бір асым ет», «Сыбаға», «Тартылған ет» өнімдеріне де дестүрлі шарада сұраныс көп болды. Таң ауылынан таң атысымен жеткен біршама өнім өз тұтынушыларын толық қамтамасыз етті.

Айта кетейік, биыл мерекелі жылды аудан шаруалары мол табыспен қарсы алды. Жыл қорытындысымен облыс бойынша ауданымыз агроөнеркәсіп кешені дамуында ең жоғары көрсеткіштерге қолжеткізіп, «Үздікаудан» номинациясына ие болды. «Қызылорданың Қостанайы» болған жалағаштық диқанар бұл 37 218 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын өкті. Оның ішінде 19 800 гектар күріш егіп, ер гектардан 60,5 центнерден, барлығы 1 млн 200 мың центнерге жуық өнім жинады.

Жандос ЖАЗКЕН

Ел игілігі

«Қызылорда-Жезқазған»: автожол қайта жаңғырды



Астана елордамыз болғалы Сарыарқаның төскейіне жолы түскен қызылордалықтардың қатары артты. Тіпті сапарды өртерек жоспарламасаң, әуе, теміржол тасымалдарына жол жүру билетін таппай қаласың. Ал тасжол арқылы жол тартайын десең, Астанаға ең қысқа бағыт Жезқазғанға дейінгі жолдың сапасы сын көтермейді. Шыны керек, бас-аяғы 20 сағаттық сапардан жолдың нашарлығынан денсаулығыңнан айыраласың. Жастар әрең шыдас берсе, үлкен кісілер бұл нұсқаны мүлдем тізімнен шығарған. Сондықтан болар, «Қызылорда-Жезқазған» автожолына әуе жолы жұмыстарын жүргізу қызылордалықтардың көптен бергі арманына айналған.

Қуантарлығы, республикалық «Қызылорда-Жезқазған» автожолын қайта жаңғырту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Бүгінде үш учаскеде жұмыстар аяқталуға жақын. Қызылорда мен Жезқазған аралығында 424 шақырым жолдың 204 шақырымы Сыр өңірінің аумағына тиесілі. Еліміздің орталығы мен оңтүстігін жалғайтын төтежол көлік логистикасын жақсартып қоймай, әлеуметтік-экономикалық тұрғыда маңызы зор. Сыр өңірінде күрежолдың біршама бөлігінде жабынның жоғары қабаты төселіп, үш учаскеде үш қабат асфальт жабындысы аяқталуға жақын. Яғни облыс шекарасынан бастап 90 шақырым пайдалануға беріліп, 50 шақырым жолда ішінара қозғалыс ұйымдастырылады. Жоспарға сәйкес 140 шақырым асфальт жабынымен қозғалыс берілетін болады. Қазіргі уақытта 3 учаске бойынша соңғы жабын асфальт төсеу жұмыстары аяқталуға жақындап, жол таңбаларын сызу, жол белгілерін орнату және жол жиегін нығайту жұмыстары жүріп жатыр.

ҚР Көлік министрлігі автомобиль жолдары комитеті мамандарының айтуынша, жалпы «Қызылорда-Жезқазған» автожолы бойынша Қызылорда облысы аумағында 192 шақырымы

қайта жаңғыртудан өтуде. Жоспар бойынша жобаның аяқталу мерзімі Қызылорда облысында 2026 жылы деп белгіленген. Сонымен қатар жобадан мердігер компаниялар жолды абаттандыру, екі жағын тегістеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Осы ауқымды жол құрылысына 700-дей адам және 400-ге жуық арнайы техника жұмылдырылған. Жалпы қайта жаңғыртудан өтіп жатқан күрежол 5 учаскеге бөлінген. Мердігерлердің 4-еуі – қытайлық компания, біреуі – жергілікті «Қыран» ЖШС. Сондай-ақ отандық кәсіпорын алғашқылардың бірі болып жұмысын аяқтағанын ерекше атап өткен жөн. Мұның өзі қазақстандық компаниялардың ауқымды жобаларға қатысып қана қоймай, халықаралық талаптарға сай жол салуға қауқарлы екенін көрсетіп отыр. Себебі Еуропалық даму және қайта құру банкі арқылы қаржыландырылған жобадан мердігерлерге өте жоғары талап қойылған.

«Қызылорда-Жезқазған» автожолының сапалы салынуы «Жол активтері» сапасының ұлттық орталығы» РМК мамандарының ұдайы бақылауында. Мәселен, биыл жылжымалы зертханамен қайта жаңғыртудан өтіп жатқан жолға 1028 рет тексеру жүргізіл-

ген. Жол жабындысы мен құрылыс материалдарынан 4,2 мың сынама алынып, соның 20 пайызы (857) зертханалық зертделу барысында талапқа сай шықпаған. Алайда анықталған оқпалықтарды мердігерлер өз қаржысы есебінен қайта қаппына келтіріп, 167,1 миллион теңгенің жұмысын жүргізген.

Иә, бұл республикалық маңызы бар автожол Мемлекет басшысының тікелей назарында. ҚР Көлік министрі де үнемі бақылауда ұстап отыр. Қандайда бір ақау анықталса, мердігер компания дер кезінде кемшіліктерді жойып, талапқа сай жұмыс істеп жатыр. Ал қазір салынған үш учаскедегі жолдың тегістігіне келетін болсақ, зерттеу жұмыстарының қорытындысымен 96-98 балл жүйесімен бағаланып, нормативтік талаптарға сай келетінін көрсетіп отыр. Яғни бұл – өте жақсы көрсеткіш.

Тағы да айта кету керек, жолды салғаннан кейін де мердігерлерге 5 жылға дейін кепілдік мерзімі қаралған. Яғни жолдың кейбір жерлері сыр беріп жатса, өз қаржысы есебінен қайта қаппына келтіретін болады.

Ж.АРЫН

Айтпайын десең...

Тегін ірімшік тек қақпанда

«Бай болуға көмектесеміз, тек жұмысқа деген ынтаңыз бен ниетіңіз болса жеткілікті. Хабарласыңыз!», «Ақша сал да, еселеп қайтар», «Берешектен құтылуға көмектесеміз» деген жарнамаларды әр жерден көзі шалмаған адам кемде-кем шығар. Ал хабарласа қалсаңыз, хал-жағдайыңызды біліп, қандай шешімге келгеніңізді сұрап әлек болады. Бірінен бас тартсаңыз, екіншісі нөміріңізді алып, хабарласа кетеді. Әрине, олардың жұмысы да сол, адам шақыру арқылы ақы алады. Осы сипаттағы жарнамалар әлеуметтік желілерде де жетіп артылады. Оған қоса интернет пен цифрлы технологиялардың үздіксіз дамуына байланысты интернет-алаяқтық қылмыстары қоғамның ең өзекті әрі маңызды мәселесіне айналып отыр және оның түрлері күн сайын кең етек жайып келеді. Себебі бүгінде көбінесе адамдар тез әрі жеңіл жолмен табысты болып, бірден мол ақшаға көнелуді армандайды. Бірақ қайдан...



Интернет-алаяқтықтың 199 дерегі тіркелген

Қызылорда облысы полиция департаменті бастығының орынбасары Серік Тоқтыбаевтың мәліметінше, аймақта жыл басынан бері интернет-алаяқтық қылмысының 199 дерегі тіркелген. Облыс көлемінде жыл басынан бері жедел іздестіру шаралары барысында 74 қылмыстық істің күдікті тұлғалары анықталып, сотқа жолданған. «IT-TERGEU» интернет-алаяқтықты ашу бойынша облыс орталығында «CyberPol» жедел тереу тобы құрылған. Прокуратураның бастамасымен «IT TERGEU» жобасы барысында интернет-алаяқтық қылмыстарын ашуға септігін тигізетін 4 аппараттық-бағдарлама алынған. Оның көмегімен жәбірленушілерге келтірілген 200 млн теңгеден астам залал бойынша 81 қылмыс дерегі ашылған. 57 хабар-ошарсыз жоғалғандар анықталып, 53 қылмыскер құрықталған.

Елімізде алғаш қаржылық пирамида пайда болған 90-шы жылдардан күні бүгінге дейін оның құрбандарының қатары да артып келеді. Мемлекетімізде қаржылық пирамиданың қарапайым халыққа келтіріп жатқан материалдық залалы жыл сайын бірнеше миллиард теңгеге дейін барады. Жалпы қаржылық пирамидалар ешқандай өнім немесе тауар ұсынбайды, айналымда тек ақша жүреді. Бұл жердегі іс-әрекет мынадай екен, сіз алдымен белгілі бір сомада ақшалай салым саласыз, яғни неғұрлым көбірек болса, табыс та соғұрлым молырақ деген сөз, сонан соң артыңыздан тіркелген жандардың салымының есебінен пайыздық үлес алып отырасыз. Салымшылардың саны көбейген сайын табыс та еселені

береді. Аталған жүйеде бір нәрсе анық, пирамиданың бас жағында тұрған салымшылардың қалтасы қалыңдайды да, соңғылары тақырға отырады. Жалпы мұндай компаниялар қомақты қаржыларды уәде еткенімен, оның қалтаңына сап ете қалатынына ешқандай кепілдік бермейді. Тақырға отырушылар қатарының көп болуы да сол себепті. Мұндай ұжымдар біраз қаржыны жымқырып болған соң жабылады да, тайып тұрады. Әлбетте, мұндай компаниялар лицензиясыз жұмыс істейді. Себебі оның өкілдері өздерінің қызмет түріне мұндай қағаздың қажеттілігі жоқ деп сендіреді. Тіпті олар салық органдарына да тіркелмеуі мүмкін. Сондықтан аталған қаржылық пирамидаларға қаржы салу – тәуекелге бел буу деген сөз. Себебі сіздің қалтаңыңыздың жұқаруы өбден мүмкін.

Жылдан-жылға қаншама адам ақшасынан айырылса да, мұның бәрі алдау үшін жасалатын қаржылық пирамидалар екені туралы қаншама мақалалар, пікірлер, нақты мысалдар жарық көріп, қанша профилактикалық іс-шаралар өтсе де бүгінде осының бәріне сеніп, алаяқтардың шырғауына түсіп жатқан адамдардың саны азаяр емес. Керісінше елімізде күн сайын жаңа қаржылық пирамидалардың саны артауда. Қаржы саласында алаяқ болатын адам да ақымақ емес. Сондықтан мүмкіндігінше алданбаудың жолдарын қарастырып дұрыс.

Егер онлайн диалог арқылы бейтаныс азаматтар немесе компанияның өкілдері хабарласып, шотыңызға сыйақыға ақша аударып, оңай ақша табуды ұсынғанса қырағылық танытып, өзіңізді қылмыстық схеманың мүшесі болудан сақтау маңызды. Егер сіз мұндай ұсыныстарға тап болсаңыз,

алаяқтармен барлық байланысты тоқтатып, ақша аудармау керек. Аталған фактілер туралы құқық қорғау органдарына хабарлау маңызды.

Жарнамалауға жаза бар

Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің аса маңызды істер жөніндегі тереушісі Майра Оралбаеваның айтуынша, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 150-бабымен және ҚР Қылмыстық кодексінің 217-бабымен қаржы пирамидаларын жарнамалау және олардың қызметін жүзеге асыру үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Атап айтсақ, қаражаттың өлеуі сомасын салу қажеттілігі, ірі пайыздарды және салынған ақшаны тез қайтаруды уәде ету, төлемді алу үшін таныстарыңызды тарту керектігі, қолма-қол ақшаны қабылдайды немесе компанияның банкердегі арнайы есеп айырысу шоттарын қолданбай, интернет-төлемдер мен аударымдардың әртүрлі жүйелерін пайдаланады, жоба «ноу-хау» ретінде ұсынылады және мұндай компаниялардың лицензиясы жоқ.

Бүгінде азаматтарды жеке банк карталарын пайдалану арқылы қылмыстық табыстарды заңдастыру үшін оңай табыс ұсынып, қылмыстық схемаларға тарту фактілері жиілеп кеткен. Яғни азаматтар қаржылық операциялар жасау үшін банк карталарын үшінші тұлғаларға беріп, «дроп» болу қаупін ескермей, қылмыстық схемаларға тартылуы мүмкін. Сондай-ақ ақша кибер құқық бұзушылықтардан немесе есірткі және адам сату сияқты қылмыстық схемалардан тартылуы ықтимал.

Жандос ЖАЗКЕН

Зейнеткердің 100 млн теңгесі қолды болды

ҚАМ жүргізген талдауына сәйкес, есірткі сатумен байланысты схемалардың жалпы айналымы 22 млрд теңге болатын 30 мың банк картасы пайдаланылған. Мұндай заңсыз схемаларға қатысу тұлғалардың мүлкін төркілеу, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік сияқты ауыр салдарға әкеледі. Мәселен, Астана мен Қарағанды қаласының студенттері және тегін тұлғалық 64 жастағы зейнеткер «дроп» ретінде Telegram-дүкенінде есірткі сатумен алынған ақшаны жылжытату схемасына қатысқан. Олардың шоттары арқылы 100 млн теңгеден астам қаржы өткен. Бұл наркотиікпен жалпы айналымы 2 млрд теңгеден асқан.

Тағы бір жағдайда Алматыда 20 жастағы студенттің картасы пайдаланылып, оның шотына 900-ден астам адамнан 22,5 миллион теңге түскен. Аударымдар 7,5 мыңнан 15 мың теңгеге дейін аралықта болған, бұл сомалар есірткі заттарының бір реттік дозаларының құнына сәйкес келеді екен. Кейін бұл ақша құқық бұзушылардың крипто-өміяндарына шығарылған.

Кім не десе де оңай жерде алтын жатпайтыны бірімізге белгілі. Ақша табу үшін де еңбекқорлық, табандылық, төзімділік секілді қасиеттер қажет-ақ. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – бақыттан бас айналырар өңімелерді естіп алып, бұйдасын ұстатқан бұзур секілденбей, қандайда бір компанияға тіркелмес бұрын оның нақты қандай компания екенін толығырақ біліп, ара-жігін ажыратып барып, тіркелген дұрыс болар.

Акция



Тазалыққа тастай талап қажет

«Тазалық табалдырықтан басталады» демекші, қоршаған ортаны тазалығына жауапкершіліктен қорғану – әрбір азаматтың басты міндеті. Осы ретте ауданда апта сайын табиғаттың тынысын ашу мақсатында тұрақты түрде сенбілік жұмыстары жүргізіліп, жол жиектері, арықтар күл-қоқыстан тазартылады.

Жалпы «Сенбілік жұмыстары Жалағашта дәстүрге айналды» десе де болады. Ауданды көркейту, көгалдандыру, абаттандыру және санитарлық жұмыстар жүргізуде тазалықты жанына серік еткен жалағаштықтар белсенділік танытуда. Бұл аудан жұртының қоршаған ортаға бейжай қарамайтынын аңғартады.

– Аудан көлемінде жүргізіліп жатқан тазалық жұмысына барлық мекеме қызметкерлері бір кісідей атсалысты. Әрбір ұжым, мекеме қызметкерлері өздеріне белінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізді. Сенбілік барысында саябақтардың іші мен мекемелердің айналасы қоқыстан тазартылып, қураған талдар кесіліп, күл-қоқыстар белгіленген орындарға шығарылды, – дейді кент әкімдігінің бас маманы Тұраржан Әкімбаев.

Сенбілік – бұл ұжымдық рухты, бірегейлікті, ауызбіршілікті көрсететін шара. Аталған шара тұрғындардың табиғатқа деген жақсы қарым-қатынасын қалыптастыруға және ауданның санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталған. Тұрақты сенбілік жұмыстарында күн санап көшелердің келбеті жаңаруда. Апта сайын аудан және ауылдық округтерде жаппай сенбілік шаралары ұйымдастырылып, тұрғындар табиғат тазалығын сақтауда белсенділік танытуда. Қажетті құрал-жабдықтармен жарақталған аудан тұрғындары «Ауыл тазалығы – баршамызға ортақ» деген ұранды ұстанып, ұйымшылдық танытуда.

– Сенбілік – халықты игілікті іске шақыру. Әр адам өз үйін әдемі, ауласын таза ұстаса, ауылдың тазалығы мен көркіне көрік қосар еді. Кез келген адам өз ауласының, тұрғылықты жерінің таза да әдемі болғанын қалайды. Сенбіліктің тазалыққа пайдасы зор. Бүгін сенбілікке шығып, айналасы сыпырып, қоқыстарды арнайы орындарға шығардық. Әр адам сенбілікке кішкене болса да атсалысып, үлес қосса, тазалыққа деген жауапкершілігі де арта түседі. Туған жердің тазалығын қадағалау әрбір тұрғынның азаматтық парызы екенін естен шығармайық, себебі бұл – ормақ міндет. Шынығында, қоршаған ортаның да тазалығы – ортақ абырой, – дейді аудан тұрғыны Айнұр Смайлова.

Қоршаған ортаны абаттандыруға жанашырлық танытып, апта сайын өткізілетін сенбіліктің мақсаты – туған жерді аздырмай, қолдан келгенше көркейтіп көгалдандыру. Туған жерінің ауасын жұтып, суын ішіп, табиғатынан қуаттанған әрбір азамат өз ауласын таза ұстап, қадірлеуі тиіс. Сонда ғана жасаған жұмысымыздың жемісін көреміз.

Сезім НҰР

Отбасылық бизнес



Мал баққанға бітеді

Соңғы жылдары төрт түліктің басын көбейтіп, мал шаруашылығына бет бұрған кәсіпкерлер көп. Мәселен, Аққұм ауылының тұрғыны Талғат Тағанов мемлекеттік бағдарламаның арқасында бүгінде кәсібін ұлғайтып, ризық-несібесін тауып отыр. Айтуынша, іскер азамат атакәсіппен айналысуға бала күнінен қызығушылық танытқан.

Ауылға келген соң, Талғат ағаның шаңырағына атбасын бұрып, кәсібімен танысуды жөн көрді. Барсақ, ағамыз қорада су толған шелегі алып, сиырларының жем-суын қамдап жатыр екен. Кейіпкеріміздің ширақ қимылына қарап, бұл іске өбден машықтанғанын, кәсібіне деген ерекше қызығушылығы барын аңғара қойдық.

– Былтыр «Бизнес бастау» бағдарламасы арқылы мемлекеттен беріліп жатқан қолдауды тиімді пайдаланып, 1 млн 380 мың теңге грант жеңіп алдым. Ақшаны қолыма

алған бойда 4 бұзаулы сиырды қораға әкеліп байладым. Күніне 20 литр сүт алып отырмыз. Кәсіпті бастаудағы мақсатымыз – төрт түліктің басын көбейтіп, сол арқылы ет, сүт өнімдерін өндіру. Қазір ауыл тұрғындары мен көршілес ағайындарға сүт, айран, құрт сатып отырмыз, – дейді Талғат Тағанов.

Кейіпкеріміздің ауылдан бөлек аудан, облыс орталықтарында тұрақты тұтынушылары бар. Сөзінше, қала тұрғындарынан сүт өнімдеріне деген сұраныс жоғары екен.

– Мен Қызылорда қаласында

тұрамын, қалада үйде ешқандай мал ұстамаймыз, сондықтан кейде ауылдың дәмін сағынамын. Бірде қасында бірге жұмыс жасайтын әріптесім «ауыз тисенші, ауылдың құрты» деп қолымды бір уыс құртқа толтырды. Құрттың дәмін шыны көрек, айтып жеткізе алмаймын. Әлгі құрбым – Аққұм ауылының тумасы. Құрбым арқылы мен де осы құртқа тапсырыс беріп, кейін арнайылап үйге сүт, айран, сары майға дейін алдыратын болдым, – дейді ағамыздың тұрақты тұтынушысы Әсел Тұрар.

«Әрекетке – берекет» демекші, бүгінде кәсіпкер қораға 20-ға жуық мал жинап үлгерген. Оның ішінде ауылды өз өнімімен қамтамасыз ету бағытында қораға 6 бас жылқы байлаған.

Талғат ағаның айтуынша, малға керекті жем-шөпті ол ауылдан, аратұра қаладан да алдырып тұрады. Былтырғы қарағанда биыл малдың азығы қымбаттағанын айтады. Әйтсе де кейіпкеріміз бұл кедергіге енесен түсірмей, кәсібінің жұмысын ширата түскен.

Ата кәсіпті жандандырып, тындырмыды тірлік істеп отқан Тағановтар әулетінің кәсібі осындай. Бала-шағасының нәсібесін төрт түліктен тауып, кәсібінің қанатын кеңге жаюды көздеген кейіпкерімізге мемлекеттен қосымша қаржылай қолдау болса, нұр үстіне нұр болғалы тұр. Себебі оның әлі де алға қойған нақты мақсаттары бар.

А.БҮРКІТБАЙ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарлауға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1736

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН